

Астана: Министерство юстиции РК, 2025. – 412 с.

2. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / под ред. Е.Е. Кайыржанова. – Алматы: Жеті Жарғы, 2023. – 624 с.

3. Судебно-медицинские правила определения тяжести вреда здоровью. Утверждены приказом МЗ РК от 2020 г. № ҚР ДСМ-182/2020. – Астана, 2020. – 54 с.

4. Верховный Суд Республики Казахстан. Нормативное постановление «О практических вопросах квалификации преступлений, связанных с причинением вреда здоровью» от 18 декабря 2024 г. – Астана, 2024.

5. Вестник Академии правоохранительных органов. Аналитический обзор преступлений против личности за 2021–2023 годы. – Астана: Академия правоохранительных органов, 2024. – 112 с.

6. Рахметов Т.К. Судебно-медицинская экспертиза и её роль в уголовном процессе. – Алматы: НИЦ Права, 2022. – 286 с.

7. Исабеков А.М. Проблемы разграничения умысла и неосторожности в уголовном праве РК. // Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2023. – № 4. – С. 45–59.

## ІЗДЕР ТУРАЛЫ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ІЛІМ

Мұса Ақниет

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті  
заң факультетінің магистранты

Ғылыми жетекшісі: Шакенов А.О.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы  
Қарағанды ұлттық зерттеу университеті Қылмыстық құқық, процесс және  
криминалистика кафедрасының профессоры, з.ғ.к., профессор

Қылмыстарды тергеу барысында іздерді анықтап-зерттеу әрқашан ерекше мәселелердің бірі болған, оның себебі іздер дәлелдемелік ақпараттың негізгі қайнар көзі екендігі бәрімізге мәлім. Қылмысты ашу, тергеудің нәтижелі болуы – көбіне жасалған қылмыстың әртүрлі жағдайларын көрсететін іздерді қаншалықты толымды түрде жинап, бекітіп, зерттеп және тиімді пайдалануына байланысты болады.

Қылмыстық оқиғаның үсті-үстіне дамуына көбіне әртүрлі адамдар (қылмыс жасаған адам немесе адамдар, жәбірленушілер, кулар, куәгерлер) кірістіріліп, олар өз еркімен немесе еріксіз түрде оқиға болған жердің материалдық жағдайына әртүрлі өзгерістер енгізе отырып, объектілер үстінде іздер (қолдың, аяқтың, қылмыс жасауда қолданылған құрал-сайманның, қарудың және т.б.) қалдырып жатады. Сондықтан да алдымен жалпы «із» деген сөзге түсінік беру, оларды кең және тар мағынада қарастыру, іздерді жіктеу, із жасаушы және із қабылдаушы объектілердің өзара қатынастары туралы мағұлматтарды қарастыру бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне сай, «із – адам, мал, аң, т.б. аяғының жерге түскен таңбасы, басқан жерде қалған дақ» [1; 423]. С.И.Ожеговтың түсіндіруі бойынша, «із дегеніміз аяқ, дөңгелек және тағы басқалардың қандай да бір беткейдегі көшірмесі» [2; 670]. Біздің ойымызша, «іздің» мұндай қарапайым түсіндірмесі криминалистика ғылымының көңілінен шыға қоймайтын тәрізді. Оның себебі оқиға болған жерде аяқ және дөңгелек іздерінен басқа, қол саусақтарының, сындыру құралдарының іздері, сондай-ақ идеалдық іздер де (мысалы, жәбірленуші ойында қалып қойған шабуыл жасаған адамның бет әлпеті) кескінделіп жататындықтан, аталмыш терминге криминалистикалық көзқараста түсінік беріп көрейік.

Криминалистика және сот сот сараптамасы терминдерінің түсіндірме сөздігіне сәйкес, «із дегеніміз қоршаған ортада қылмыс жасаудың салдарынан, оған дайындалып жасыруға дейінгі аралықтағы әртүрлі өзгерістер» [3; 113]. Заңтану саласындағы түсіндірме сөздікке жүгінсек, «криминалистикада іздер деген түсінік екі мағынада қолданылады. Тар мағынада «із» деп, бір объектінің таңбасы, келбеті айтылады (қолдың, аяқтың, тістің ізі және т.б.). Кең мағынада «қылмыстың ізі» деген ұғымға оқиға болған жерде қалған жеке заттар, қараған, сынған нәрселер және қылмысқа байланысты айналада

болған өзгерістердің бәрі жатады».

Біздің ойымызша, «іздердің кең мағынадағы» және «іздердің тар мағынадағы» түсініктері нақтылы мазмұнды көрсетпегендіктен, криминалистика тілінен алып тастап, оларды «қылмыс іздері» және «кескінделген іздер» (қылмыс іздерінің бір түрі ретінде жүретін) терминдермен ауыстырған жөн тәрізді.

Гносеологиялық көзқарасқа сай, қылмыс іздері ретінде қоршаған ортадағы әрбір өзгерістер, яғни осы ортада жасалған қылмыс нәтижесінде пайда болғандар жүреді. Профессор Р.С.Белкиннің жіктемесі бойынша мұндай өзгерістердің екі түрі болады: идеалдық (адам ойында қалып қойған «кескіндер») және материалдық (оқиға жағдайындағы өзгерістер, зат үстіндегі оқиға «кескіндері») [4; 308]. Адам ойындағы бейнелер ретіндегі идеалдық өзгерістердің (оқиғаға қатысушылар немесе айғақтар ойында қалып қойған бейнелер) пайда болу механизімі криминалистика ғылымының тек ішінара зерттеу объектісі болып табылады. Оның себебі криминалистика жоғарыда аталған құбылыстар жайлы негізгі мәліметтерді психология (жалпы және соттық), физиология және басқа да адам туралы ғылымдардан алады. Толық мөлшерде криминалистикалық объектілер ретінде қоршаған ортадағы материалдық өзгерістер жүреді, шын мәнінде осылар «қылмыс іздері» түсінігінің мазмұнын құрайды.

Қылмыс іздері көптеген жағдайларда бірқатар криминалистермен қоршаған ортадағы әрбір материалдық түрде бекіген өзгерістер түрінде түсініледі. Мұндай өзгерістер заттар немесе нәрселердің орын ауыстыруы, олардың нақтылы бір жерде болмауы немесе керісінше пайда болуы, қандай да бір қасиеттердің жойылып немесе пайда болуы арқылы байқалуы мүмкін. Жалпы нысанда «қылмыс іздері» терминін кейбір мамандар қылмыстың жасалуымен байланысты қылмыскердің қандайда бір әрекеттерінен пайда болған барлық әртүрлі болып келетін материалдық өзгерістерді айқын көрсету мақсатында криминалистикада осы өзгерістерді толығымен қамтып-жинақтайтын «қылмыс іздері» сөз тіркесі ретінде пайдаланылып, кей жағдайда бұрын болған заттардың жоғалып кетуі немесе орнынан қозғалуы, жаңа заттар мен нәрселердің пайда болуы, сыртқы әсерден бөлек заттар жағдайының немесе олардың беткейінің өзгеруі арқылы байқалуы ықтимал.

Қылмыс іздері әртүрлі негіздер бойынша жіктелуі мүмкін. Олардың түпнұсқасы құрамы қылмыстық құқықтағы жіктеуге негіз болатын қылмыс болғандықтан, біздің ойымызша мұндай негіз криминалистикадағы қылмыс іздерін жіктеуге де таңдап алынуы мүмкін. Мысалы, ұрлық іздері, кісі өлтіру іздері, қарақшылық іздері және т.б. Ал толық жіктеме әрбір қылмыстың жасалу тәсіліне қарай іске асырылуы ықтимал.

Әдебиеттерде «кескінделу іздері» терминінің мазмұны көбіне бірыңғай айқындалып жатады. Кескінделген із деп бір материалдық объектінің сыртқы құрылымының екінші объектінің үстіне кескінделуін айтамыз [5; 49]. Кескінделуізінің кеңейтілген түсінігі тағы басқа да ғалым-криминалистермен ұсынылып, олардың ойынша кескінделу іздеріне тұрақты шекарасы бар объектілердің сыртқы құрылымы мен басқа да қасиеттері белгілерінің қылмыс оқиғасымен байланысты материалдық кескіндері жатады [6; 84]. Біздің ойымызша, аталмыш терминнің кеңейтілген түсінігін беру қажеттілігі жоқ сияқты. Оның себебі, жоғарыда келтірілген «объектілердің басқа да қасиеттері» ақыр аяғында қоршаған ортада сыртқы құрылымның белгілері арқылы кескінделіп, әрине, іздің жасалу механизіміне және сол арқылы белгілердің кескінделу нысанына өз әсерін тигізеді. Бірақта із осындай түсінікте әрқашан сыртқы құрылым белгілерінің кескіні болып қала береді, ал бұл кескін түпнұсқаға барабар ма немесе барабар емеспе, түсінікті анықтауда маңызды емес.

Жоғарыда көзқарастары келтірілген ғалымдармен қатар, іздер туралы криминалистикалық ілімді дамытуда ат салысқандар қатарына И.Н.Якимов, С.М.Потапов, Б.И.Шевченко, Л.К.Литвиненко сияқты әйгілі криминалистерді жатқызып, олардың кезінде іздердің әртүрлі негіздерге сәйкес жіктемесін келтіргенін атап өтуге болады. Криминалистикалық әдебиеттердегі ғалымдардың ой-пікірін ескере отырып, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тәжірибесінде қажет болатын іздердің мынадай жіктемесін көпшілік назарына ұсынуға болады.

Көзбен шолып байқау және табу мүмкіндігіне қарай іздер: көрінетін іздер; әлсін көрінетін іздер; көрінбейтін (латенттік) болып бөлінеді. Із жасайтын объектілердің түрі бойынша кескінделу іздері: адамдікі, жануарлардікі, механизмдікі, ал із қабылдайтын беткейлермен болатын өзгерістердің сипаттамасына байланысты кескінделу іздері: көлемді және үстіртін, статикалық және динамикалық, жергілікті және шеткері болып жіктеледі.

Жоғарыдағы ойымызды өрбіте келе, көлемді іздер деп із жасайтын объектінің заттағы ықпалынан

із қабылдайтын объект өз формасын өзгертіп немесе шамамен бұзылу нәтижесінен пайда болғандарды айтуға болады. Үстіртін іздер – із қабылдайтын объектілердің үстіндегі өзгерістер нәтижесінде пайда болған кескінделулер. Олар: қабатталу және қабатын алу; жергілікті және шеткері болады. Қабатталу іздері із қалдыратын объектінің үстінен кішкентай бөлшектерді (қабатын) із қалатын объектінің үстіне аудару арқасында жасалады. Қабатын алу іздері із қалатын объектінің үстіндегі заттың кішкентай бөлшектерін із қалдыратын объектінің үстіне аудару арқасында жасалады.

Жергілікті үстіртін іздер деп жанасқан беткейлер аумағындағы шегінен шықпайтын өзгерістерді атайды. Шеткері үстіртін іздер деп жанасқан беткейлерден шеткері, тыс пайда болған өзгерістерді атайды.

Беткейлердің бір-бірінің үстінде жылжуына байланысты статикалық және динамикалық іздер пайда болады.

Статикалық (оттискілер, іздер) жанасу беткейіне перпендикуляр бір бағытта әсер ету нәтижесінде пайда болады. Жанасу беткейлерінің өзара және басқа бағытта ауытқуы болмайды. Динамикалық іздер объектілердің бір-бірінің үстімен жылжу нәтижесінен шығады, яғни, бір-бірінің үстімен сырғанау (мысалы, шабу, аралау, саусақтың жағыс іздері).

Тергеу тәжірибесінде іздер тергеулік қарау, куәландыру, тінту және басқа да тергеулік іс-әрекеттер кезінде табылып жатады. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері, оның ішінде тергеуші мен маман-криминалист іздерді табу мақсатымен қарау кезінде әрекеттерді жүргізуін реттейтін процессуалдық нормаларды сақтау керек, қажетті ғылыми-техникалық құралдарды қолдану мүмкіндік бойынша, тергеудегі қылмыс оқиғасына қатысты барлық іздерді табуға талпыну шарасын қарастырады, сондай-ақ іздерді бүлдірмеу мақсатымен, сақтық шараларын жүзеге асырады.

Іздерді табу мақсатымен нәрселерді қарауды – көзбен шолып байқаудан, қажет болғанда оптикалық саймандар мен приборлар (лупа, микроскоп) және жарық көздерін (көрсететін, ультракүлгін және т.б.) пайдаланудан бастаған жөн. Бұл жерде ескеретін бір жайт, нәрсе беткейін бүлініске ұшырататын іздерді табу құралдары мен әдістері тек ерекше жағдайларда, көзбен шолып қарау нәтиже бермегенде қолданылады.

Оқиға болған жерден табылған іздерді міндетті түрде бекітіп алу қажет. Ондай тәсілдердің процессуалдық және техникалық (криминалистік) түрлерін ажыратуға болады. Процессуалдық бекітіп алудың мақсаты – іздерге заттық дәлелдеме дәрежесін беру. Техникалық (криминалистік) бекітіп алудың мақсаты – нәрселерді табылған іздерімен қосып сол күйінде сақтап, ал ондай мүмкіндік болмағанда – іздердің барабар (теңбе-тең) көшірмелерін (моделін) алу. Бекітудің негізгі техникалық (криминалистік) тәсілдеріне: суретке түсіру, із қабылдайтын беткейде ізді бекіту, көлемді іздерден көшірме алу, үстіртін іздердің таңбасын алу. Суретке түсіру – ең сенімді де, нақты да, ал іздерді нәрселер мен бірге алу немесе көшірмесін жасау мүмкіндігі болмағанда, бекіту тәсілдерінің жалғыз түрі болып, қылмысты тергеп, ашуда қолданылатын іздер туралы сапалы және санды ақпарат беретін тәсіл болып табылады. Іздерді суретке түсіру басқа тәсілдерге тәуелсіз қолданылып, әдетте, оларға жол ашар ретінде жүреді, криминалистикалық фотографияның әдіс-тәсілдері мен ережелері жетік іске асырылу керек.

Көлемді іздерден гипс, полимер пасталары, стеарин, парафин, воск, пластилин көмегімен көшірмелер алынады. Егерде іздер көшірме дайындау кезінде бұзылатын беткейлерде орналасса (мысалы, құмда, қарда т.б.), онда мұндай беткей алдын-ала нығайтып алу қажет. Үстіртін іздерден таңба (көшірме) дактилоскопиялық пленкаға, жабысқақ лентаға, арнайы өңделген фотоқағазға, силикон пастасына алынады.

Алынған іздер, нәрселер, олардың көшірмелері буып-түюлу керек. Буып-түю материалы ретінде конверттер, картон және фанер қораптары, сулы қағаздар және басқа да қолда бар жабдықтар қолданылады. Орауыш желімденіп, кендірмен оралып, қажетті жазулармен қамтамасыз етіліп, мөрлену қажет. Егер орауыш үстінде жазу жазылмаса, оралған кендірдің шетіне картон немесе фанер бирка жапсырылып, анықтама жазу сол биркада орындалады, кендірдің шеті сургучпен мөрленеді. Орауышты ашқан кезде, мөр міндетті түрде бұзылатындай етіп, мөрлейді.

Орауыштағы анықтама жазулар тергеуші мен айғақтар қолымен бекітіледі. Тергеу іс-әрекетінің хаттамасында буып-түю тәсілі, анықтама жазуының мазмұны, мөр оттискісінің тексті, тергеуші мен айғақтар қолдарының бар екендігі көрсетіледі.

Заттық ортаға өзгерістер енгізумен сипатталатын, заттар, нәрселер мен кескінделу іздері сияқты қылмыс іздерін жинап, бекітіп, зерттеп және пайдалануда арнайы білім қолдану елеулі мәселелердің

бірі болып саналады. Құқық қорғау, оның ішінде тергеу органдарының қылмысқа қарсы жүргізілетін жұмыстарының пәрменділігі және нәтижелігі қылмысты ашуға, оны дәлелдеуге химияның, медицинаның, физиканың, ғылыми-техникалық басқа да ғылымдар саласының жетістіктерін кең түрде пайдаланумен тікелей байланысты. Аталмыш ой-пікірді өрбіте келе айтатынымыз, қылмыспен күресте қазіргі кезде ерекше көзге түсіп ғылым салаларының бірі – биология, оның ішінде гендік инженерия. Сарапшылық тәжірибесіне кеңінен енгізіліп жатқан генотипоскопия әдісі қылмысты ашып, тергеуде көмегі зор биологиялық тегі бар іздер, оның ішінде қан, шауқат және адам денесіндегі басқа да тіндер клеткаларының ядросындағы өзгермейтін ДНК молекулаларын зерттеу нәтижелерін бір-бірімен салыстыруға мүмкіндік береді. ДНК молекулаларын екі бір-бірімен біріктірілген тізбекпен салыстыруға болады. Осы тізбектің кейбір жерлерінде нақтылы химиялық комбинацияларды байқалып, осылар нақтылы адамды ғана сипаттайтын суретті құрастырады. Бұл сурет болса, генетикалық нәрсенің барлық клеткаларында қайталанатын. Осыны, ДНК-ның жеке коды, генетикалық «көшірмесі» дейді. Мұндай зерттеулер жүргізілген кезде, биологиялық тегі бар салыстырмалық зерттеу үлгілерінің аз ғана мөлшері жеткілікті.

Криминалистика, молекулярлық биология және генетика салаларындағы арнайы білімдерді пайдалана отырып сот-молекулярлық-генетикалық зерттеулер адамның жеке басын және биологиялық туыстықты (әкелікті) анықтауға мүмкіндік беретінін осыдан байқауға болады. Мұндай зерттеулер Қазақстан Республикасының ӘМ Сот сараптамасы орталығында іске асырылады. Дегенмен, бүгінгі таңда мемлекеттік емес сараптамалық мекемелерде осы қызмет түрін жүзеге асыруға лицензиясы бар сот-медициналық сарапшыларды тарта отырып, молекулалық-генетикалық зерттеулер жүргізудің баламасы бар.

Қазақстан Республикасы ПМ жүйесінде ДНК-идентификация қылмыскерлерді тіркеу, құқық бұзушылықтардың алдын алу, танылмаған мәйіттерді тану және іс-түссіз жоғалғандардың туыстық байланысын анықтау үшін қолданылады. 2021 жылдан бастап, аса ауыр қылмыс жасағандар генетикалық тіркеуге алынады, ал ол өз алдына ДНК іздер бойынша құқық бұзушылықтарды ізін суытпай ашуға мүмкіндік береді. Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде іске асып жатқан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «DIGITAL CRIM LAB» цифрлық криминалистикалық зертханасы оқиға орнынан бекітіп алынған әрқилы іздерді зерттеу үшін заманауи технологиялармен жабдықталып, қылмыстарды тиімдірек ашу және тергеу мақсатында әртүрлі ведомстволар арасындағы ынтымақтастықты нығайту және ақпарат алмасуды жақсарту шаралары қолға алынған [7]. Міне, әдістің қылмыстарды әшкерлеуде, соның ішінде биологиялық тегі бар іздерді зерттеуден өткізуде теориялық-тәжірибелік жағынан дәлелдемелік маңызы зор екені байқалып отыр.

Осылайша, ой-пікірлерді тұжырымдай келе, қылмыстарды ізін суытпай тергеп-ашуда құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен іздер туралы криминалистикалық ілімнің төмендегідей негізгі ережелерін білгені ешбір артық болмайды:

- нақты жағдайларда бір объектінің сыртқы құрлысы келесі объектінің бетінде кескінделеді;
- нәрсе сыртқы құрлысының ізде кескінделуі өзгертілген (негативтік) болып саналады;
- материалдық дүние объектілері дара;
- идентификациялық зерттеуге жататын кескінделу іздерін біршама өзгермейтін қасиеттері бар нәрселер қалдырады;
- кескінделу іздерін қалдыру кезінде кем дегенде екі объект қатысады, яғни, із қалдыратын және із қалатын. Оқиға болған жерде ақпараттық мағынасы бар із бейнесін жинап, бекітіп, зерттеп және пайдалануда құқық қорғау органдары қызметкерлері криминалистикалық әдіс-тәсілдерді біліп, оларды шебер қолдануы аталмыш органдардың қылмысқа қарсы күрестегі іскерлік пен нәтижелілікті арттыратыны сөзсіз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Т.10. – Ү-Я / Ред.басқ.А.Ы.Ысқақов. – Алматы : Ғылым, 1986. – 512 б.
2. Ожегов С. И., Шведова Н. Ю. Толковый словарь русского языка: 80 000 слов и фразеологических выражений. – 4-е изд. – М.: [издательство], 1997. – 944 с.
3. Шакенов А.О.және басқалар. Криминалистика және сот сараптамасы терминдерінің түсіндірме

сөздігі / Профессор М.Ч.Қоғамовтың жалпы редакциясымен шығарылған. – Астана: «Парасат әлемі», 2003. – 182 б.

4. Белкин Р.С. Курс криминалистики. – 3-е издание, дополненное. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, Закон и право, 2001. – 837 с.

5. Шакенов А.О. Криминалистика: Дәрістер курсы (электрондық). – Қарағанды: Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, 2020. – 377 б.

6. Шакенов А.О. Криминалистика: Оқулық. – Астана: «Фолиант», 2008. – 464 б.

7. «Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз етудің 2024 – 2028 жылдарға арналған тұжырымдаманы бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1233 қаулысы. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300001233>.

## КРИМИНОЛОГИЧЕСКАЯ СУЩНОСТЬ И ТИПОЛОГИЯ ПРЕСТУПНОСТИ В СФЕРЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Мусағалиев Алмас

магистрант, Карагандинский национальный исследовательский университет  
имени академика Е.А.Букетова

Научный руководитель: Аманжолова Б.А. профессор кафедры уголовного права, процесса и криминалистики, к.ю.н, ассоц.профессор

Предпринятый анализ подходов, сформировавшихся в отечественной и зарубежной криминологии, позволяет перейти к рассмотрению криминологической сущности преступности в сфере экономической деятельности и определению её ключевых признаков. Перед этим необходимо отметить несколько методологических обстоятельств, имеющих принципиальное значение для анализа данного явления.

Во-первых, современная криминологическая наука оперирует целым рядом понятий — «экономическая преступность», «преступления в сфере экономики», «преступления экономической направленности». Однако трансформация хозяйственного уклада, переход к рыночной системе и формирование частного сектора требуют включения в научный аппарат более корректной категории — «преступность в сфере экономической деятельности». Это относительно новое для казахстанского общества деструктивное явление, возникшее и развившееся вследствие восстановления рыночных начал экономики и расширения предпринимательства. По масштабам и последствиям оно представляет угрозу не только экономической, но и национальной безопасности государства.

Именно поэтому в действующий Уголовный кодекс Республики Казахстан, введённый в действие с 1 января 2015 г., включена глава 8 «Уголовные правонарушения в сфере экономической деятельности», объединяющая составы преступлений, характерные прежде всего для рыночного типа хозяйствования. В неё входят, в частности, незаконная предпринимательская деятельность, регистрация незаконных юридических лиц, лжебанкротство, уклонение от уплаты налогов и других обязательных платежей, нарушения в сфере таможенного дела и финансового рынка и др. Тем самым законодатель особо выделяет данное направление криминогенных посягательств, закрепляя его специфику на уровне отрасли уголовного права.

Во-вторых, криминологическая классификация не может быть тождественна уголовно-правовой. Криминологический анализ не обязан ограничиваться границами действующего законодательства: он ориентирован на изучение реальной совокупности экономически значимых девиаций, независимо от того, нашли ли они отражение в текстах статей УК. Это даёт исследователю возможность по-своему определять границы объекта, выбирать критерии типологизации, формулировать собственные выводы и модели. В зависимости от подхода экономическая преступность может охватывать либо всю сферу экономических отношений в обществе, либо только экономику как систему, либо быть ограничена сферой бизнеса, предпринимательства. Именно в последнем случае экономическая преступность по существу совпадает с понятием преступности в сфере экономической деятельности.

Такой более узкий подход имеет ряд преимуществ. Во-первых, объект исследования перестаёт